

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сынып оқушыларына арналған оқулық

Шартты белгілер



– сабақтың мақсаты



– оқу мен жазуға даярлық



– жұптық жұмыс



– топтық жұмыс



– теориялық мәтін



– сөздік жұмысы



– ойлан



– есінде сақта



– сахнала, рөлге бөліп оқы



– шығармашылық жұмыс



– ізден, сұра, зертте



– дәптермен жұмыс



– оқу сауаттылығына арналған тапсырма



– үй тапсырмасы



– тыңдалым және бейнежазба

Оқулықта QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық

1. Смартфон немесе планшетіңіздің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.

2. Сілтеме пайда болғанша күтіңіз.

3. Қажетті ресурсқа өту үшін «ОК»-ді басыңыз.

Егер сіздің құрылғыңыз QR-кодты анықтай алмаса, онда QR-кодты оқуға арналған кез келген тегін қосымшаны жүктеп алыңыз. Мысалы, QR Code Reader-ді Google Play Market және App Store қосымшалар дүкенінен жүктеп алуға болады.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына оқулық және әдістемелік нұсқаулық кіреді. «Әдебиеттік оқу» электрондық оқулығымен баспаның web-платформасында таныса аласыз.



Қымбатты оқушым!

«Әдебиеттік оқу» – ана тілінің ғажайып әлеміне жетелейтін оқу құралы.

Оқулықтың бірінші бөлімінен табиғатты аялау туралы, ата-баба дәстүрімен бойымызға сіңген ұлттық қасиеттер жайлы өлең, әңгіме, мысал, аңыз, ертегілерді оқисың. Уақыттың маңызын түсіну, бағалау туралы оқиғалар да сені ойландыратыны сөзсіз.

Әдеби шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетінен еңбек адамын құрметтеуді және адамгершілік қасиеттерді жоғары қояды үйрен. Оқыған сәттегі пікіріңді, сезіміңді достарыңмен, ұстазыңмен еркін бөліс. Ол үшін ана тілінде еркін сөйлеп, көп кітап оқып, сауатты жазуға дағдылан.

Электрондық оқулық арқылы түрлі интербелсенді тапсырмаларды орындайтын боласың. Біліміңді бекітіп, нәтижесін сол сәтте бағалай аласың. Ең құдіретті тіл – ана тілін үйрететін «Әдебиеттік оқу» кітабы саған сәттілік тілейді!

Құрметпен, оқулық авторлары

Жанды табиғат



бұл бөлімде:

- өз ойыңды жеткізуде көркем-бейнелі сөздерді қолдануды;
- сөйлеуде иллюстрациялар немесе фотосурет, т.б. көрнеліктерді қолдануды;
- автордың негізгі ойын мәтіннен дерек келтіріп дәлелдеуді;
- көркем шығарманы басқа үлгідегі нұсқасымен салыстыруды;
- түрлі дереккөздерден нақты ақпаратты табуды және сызба түрінде беруді;
- кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжауды;
- мәтінді түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп және теріп оқуды;
- шығарманы бөліктерге бөліп, әр бөлімге ат қою және жоспар құруды;
- көркем шығарманың жанрлық сипатын (әңгіме, ертегі, өлең, поэма, т.б.) анықтауды;
- шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданылуын анықтауды;
- кейіптеу кейіпкерін ажыратуды;
- түрлі шығармашылық жұмыстарды орындауды;
- кейіпкердің іс-әрекетін бағалауды;
- шығарма мазмұны бойынша жетекші сұрақтарға жауап беруді үйреніп, тәжірибе қалыптастыратын боласың.



- суреттер мен фотосуреттерді сипаттауды үйренесің;
- көркем, бейнелі сөздерді қолданып, шығармашылық жұмыспен айналысасың.



1. «Жанды табиғат» деген не?



Ермек Өтетілеуұлы – ақын. Астана қаласында дүниеге келген.

Ақын «Әдептілік – әдемілік», «Төрт түсті жер үсті» т.б. кітаптардың авторы.



(1938–2006)

- 2-сыныпта ақынның қай өлеңін оқығаныңды есіңе түсір.



2. Өлеңді түсініп оқы.

Қандай әсем жер беті!

Алуан бояу баулары,
Аппақ басты таулары.
Аң мен құстың қорғаны –
Жасыл жайлау орманы.
Түрлі түсті келбеті,
Қандай әсем жер беті!



Қырмызы гүл қырлары,
Сары алтындай құмдары.
Бозғылт селеу белдері,
Көкшіл мөлдір көлдері.
Түрлі түсті келбеті,
Қандай әсем жер беті!



Сұрғылт шағыл шөлдері,
Бұйра сағым өңдері.
Жаралғандай о бастан
Алып кемпірқосақтан –
Түрлі түсті келбеті,
Қандай әсем жер беті!



(Ермек Өтетілеуұлы)



селеу – шөлде өсетін ұлпілдек ақ шөп
шағыл – жота-жота болып үйіліп қалған құм

Анықта



3. Өлеңде жанды табиғат туралы не айтылған?

4. Өлең мазмұнын суреттермен байланыстыра әңгімеле.



5. Өлеңнен берілген сөздерге лайықты сипаттау тіркесін тауып жаз.



Салыстыр

6. Бір-біріне ұқсайтын суреттерді салыстыр.



Қорытындыла

7. «Қандай әсем жер беті!» деген ойға айналаңнан нені қосар едің?



Айналадағы жанды табиғат туралы әңгімеле.

Таулы, сулы, орманды, құмды сөздерін қатыстыра отырып, өзін тұратын аймақты сипатта.



- тақырып пен негізгі ойды анықтайсың;
- ақпаратты сызба түрінде беруді үйренесің.



1. Қызанақтың өніп-өсу ретін «Алдымен..., содан кейін ...» деген сөз тіркесін пайдаланып, әңгімеле.



- Өсімдіктің қалай көбейетінін бейнематериал арқылы бақыла.



2. Мәтін мазмұнын түсініп, рөлге бөліп оқуға дайындал.

АЛҒЫС

Қанқызыл қызанаққа тойғаннан кейін Қасым мен Хасен шешесіне:

– Апа, дәмді қызанақ бергеніңіз үшін сізге рақмет! – деді.

– Ол алғыстарыңды маған айтпаңдар, жақсы қызанақ өсіргені үшін бақшаға айтыңдар!

Балалар бақшаға жүгіріп келді де, өсіп тұрған қызанақтарға бас иіп, алғыс жаудырды. Қызанақ жапырақтары былай деп сыбдырлады:

– Ол алғыстарыңды бізге айтпаңдар, құнарлы қара топырақты Жерге айтыңдар!

Қасым мен Хасен Жерге еңкейіп, басын иіп тұрып алғыс айтты:

– Мейірімді Жер, дәмді қызанақ өсіргенің үшін көп-көп рақмет!

Жер майда қара топырағын бүлк еткізіп, былай деді:

– Ол алғыстарыңды маған айтпаңдар. Жаңбырсыз жер көктеп, бақша гүлдемейді.



Қасым мен Хасен ауыл сыртындағы таудың басына шықты да, бұлт жақындаған кезде:

– Рақмет саған, жомарт бұлт! Мейіріңе сусындаған қызанақты жеп, бір рақаттандық! – деп айғайлады.

Бұлт игі еңбекті бағалай білетін балаларға былай деді:

– Ол алғыстарыңды маған айтпаңдар. Нұр үстіне нұр төгіп, әлемге тіршілік себетін құдіретті Күнге айтыңдар!

Екі бала қара көзілдірік киіп, Күнге қарады да, бар дауыспен:

– Уа, әлемге тіршілік берген мейірімді Күн! Сенің сәулеңнен нәр алған қызанақ қандай тәтті еді! Сол үшін саған көп-көп рақмет! – десті.

– Ол алғыстарыңды маған айтпаңдар, – деді Күн күлімдеп тұрып. – Қызанақты дәмді еткен – адамның еңбегі! Қызанақты отырғызып, баптаған адамға алғыс айтыңдар!

Қасым мен Хасен бақшаны баптап жүрген шешесіне жүгіріп келді. Екеуі жарыса алғыстарын айтып шықты. Шешесі күлімдеп тұрып:

– Менің еңбегімді бағалағандарың үшін сендерге де рақмет! Өздерің де бақшаға жеміс өсіріп, ерінбей-жалықпай күтіңдер. Ол өсіп, өнім береді. Еңбектеріңе жұрт сүйсініп, сендерге де алғыс айтатын болады, – деді.

(Мәдіхат Төрежанов)



игі еңбек – оң іс

- Қасым мен Хасен кімге (нелерге) алғыс айтты?

Пікіріңді бөліс



3. Нағыз алғыс иесі кім? Саған қай кейіпкер ұнады?



Алдымен оқитын әңгіме, ертегі немесе өлеңнің басында тұрған тақырыпқа көзің түседі.

Тақырыпты оқып, мәтіннің не туралы екенін өзіңше болжайсың.

Негізгі ой – жазушының өмір құбылысына берген бағасы, көзқарасы. Айтқысы келген ой қорытындысы.



4. Алғысқа лайық кейіпкерді іздеген Қасым мен Хасеннің «жолын» сызба арқылы бейнеле.

...

Шеше



5. Кестені толтыр.

Бақшада өсетін өсімдіктер	Бақта өсетін өсімдіктер	Қандай өсімдіктерді өзің баптап өсірдің немесе баптап өсіргенін көрдің?

Қорытындыла

6. Мәтіндегі негізгі ойды білдіретін нақыл сөзді анықта.

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Абай Құнанбайұлы

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.




«Алғыс» әңгімесінің мазмұнын әңгімеле.



- өлеңді рөлге бөліп оқисың;
- кейіптеу туралы түсінік аласың.



1. Дастарқанға нан келгенге дейінгі сәтке тағы не қосып әңгімелер едің?



Әдібай Табылды – ақын, жазушы.

Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданы Жаңатұрмыс ауылында дүниеге келген.

«Бөбекке сөз», «Қайырлы таң, балалар!», «Қой бағу оңай ма?» т.б. балаларға арналған кітаптардың авторы.



(1926 ж.)



2. Өлеңді рөлге бөліп, түсініп оқы.

Дақылдар әні

Бидай:



Нан анасы бидаймын,
Елге астық сыйлаймын.
Дәнім толып, піскенде,
Қауызыма сыймаймын.

Арпа:

Күміс мұртты арпамын,
Ырыс-құтты арпамын.
Еңбек етіп, баптаған
Еліме сый тартамын!



Тары:



Ақ, қарамын, сарымын,
Мен өнімді тарымын.
Халқым еңбек сіңірсе,
Қайтарамын қарымын.

Сұлы:

Мен сұлымын, ұланның
Тұлпарына ұнадым.
Баптаған әр диқанға
Басымды иіп тұрамын.



Күріш:



Күнді сүйген күрішпін,
Күллі жұртқа ырыспын.
Алсын деп ел мол өнім,
Ала жаздай су іштім.

(Әдібай Табылды)



қауыз

қарымын қайтару

күллі

— астық дәнінің сыртқы қабығы

— еңбегін өтеу

— барлық, барша

Білімді қолдан

3. Қалай ойлайсың, дәнді дақылдардың маңызы қандай?

- «Халқым еңбек сіңірсе, қайтарамын қарымын» қай дақылдың сөзі?
- Дақылдарды баптап өсіретін кім? (Бақташы, диқан)



Кейіптеу – табиғат құбылыстарын тірі адам кейпінде немесе жансызды жанды түрде суреттеу тәсілі.



4. Өлеңдегі кейіптеу кейіпкерлерін жаз.

«Дақылдар әні» өлеңінің мазмұнына сәйкес басқа бір дәнді дақылдың сөзін жаз.



Білгенің жөн

Дәнді дақылдар – дәні үшін өсірілетін азық, малдың жемі: арпа, бидай, қарабидай, сұлы, жүгері, тары, күріш, қарақұмық.



5. Кестемен жұмыс істе.



Тұжырымдар	Иә	Жоқ
Жүгері, бидай, күріштен ұн алынады.		
Күнбағыстан май алынбайды.		
Раушан гүлі – дәнді дақыл.		
Сұлыны жылқы малы сүйсініп жейді.		
Күріш ала жаздай су ішінде тұрып өседі.		
Біз тұрған аймақта күріш өседі.		

6. Күріштен қандай тағамдар жасалатынын айт.

Қорытындыла

7. Адам үшін қай дақыл маңызды?



Дәнді дақылдар туралы жұмбақтар жаз.

Төрт түлігі елімнің



- өлең жанры туралы түсінік аласың;
- сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді қолданасың.



1. Жануарлар қалай дыбыстайды? Анықта.



Ескен Елубай – ақын. Жамбыл облысы Қордай ауданы Отар стансысында дүниеге келген. Ақынның балаларға арналған «Көк жейде», «Көкпар», «Баламысың деген», «Өжет» атты шығармалары бар.



(1942–2017)

2. Өлеңді түсініп оқы.

Төрт түлік

Табиғат о басында
Төрт түлік мал таратқан.
Барлығын да расында,
Адам үшін жаратқан.

Киім тоқыр жүнінен
Жаурағанда бойлары.
Қажетінің бірі деп,
Жаратыпты қойларды.



Қуаттана түссін деп,
Сүт ішпесе қиын-ды.
Сүтін сауып ішсін деп,
Жаратыпты сиырды.



Ел көшкенде жайлауға
Жүгін артып жүреді.
Көндікбас қып айдауға
Жаратыпты түйені.



Бәйгеге де қатыссын,
Той болғанда бір күні.
Көтерсін деп көңілін
Жаратыпты жылқыны...

(Ескен Елубай)



о басында – алғашқы кезде
көндікбас – төзімді, шыдамды

Біліміңді қолдан

3. Өлеңде төрт-түліктің адамға пайдасы туралы не айтылған?
Түйе, жылқының пайдасы туралы тағы не білесің?



4. Мақал-мәтелдердің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Қой баққанға бітеді.

Ер қанаты – ат.

Нар жолында жүк қалмас.



Өлеңнің әрбір 4 жолы **шумақ** деп аталады. Өлең жолдарындағы соңғы сөздер бір-бірімен үндесіп, ұйқасып келеді.

Мысалы, мына өлеңде бірінші мен үшінші және екінші мен төртінші жолдар ұйқасып тұр.

Ел көшкенде жайлауға	а)
Жүгін артып жүреді.	ә)
Көндікбас қып айдауға	а)
Жаратыпты түйені.	ә)

5. «Төрт түлік» өлеңінен өзің таңдаған шумақтың ұйқасын анықта.



6. Сауатты оқып, дағдылан.

Құлыншақ

Желбіреген тұлымы,
Мен – биенің құлыны.
Кең даламен танысам,
Желмен бірге жарысам.

(Төлеубай Ермекбаев)



• Өлеңдегі айтылуы мен жазылуы бойынша айырмашылығы бар сөздерді анықта.



7. 2-5-шумақтардың мазмұнына сай тақырып тауып жаз.



8. Төрт түлікке байланысты тапсырманың жауабын Т әрпін қатыстырып орында.

1. Шөл даланың «кемесі» – түйе.
2. Қой төлінің қозыдан кейінгі атауы –
3. Жылқы төлінің құлыннан кейінгі атауы –
4. Түлік «саны» –

Қорытындыла



9. Төрт түлік беретін қандай өнімдерді пайдаланасың?



«Төрт түлік» өлеңінің ұнаған шумақтарын жаттап ал.



- шығармашылық жұмыс жасайсың;
- сюжеттің дамуын болжайсың.



1. Мына сөздерден қай жануардың аттарын құрап, оқуға болады?



бөрі

сақ

көк

соқ

серек

құлақ

басар

алып

- Өзіңнің күшігіңді қалай атар едің?

2. Мәтінді түсініп оқы.

Аяныш



Мектептен қайтып келе жатқанмын. Қарным ашқан соң сөмкемнен тоқаш алып, жей бастадым. Сәлден кейін артыма бұрылып қарасам, соңымнан бір ит еріп келеді екен. Аш екені түрінен көрініп тұр. Менің қолымдағы нанға қарап, жұтынып қояды. Тоқашымнан бір үзіп алып тастадым. Артымнан біраз еріп жүрді де, ақыры жайына қала берді.

Келесі күні әлгі итке тағы да тап болдым. Мені күтіп жүрген тәрізді. Өзі әбден жүдепті. Соңымнан қалмай үйге дейін келді. Үйге кіріп, тамақ қалдығын алып шықтым. Ит соңымнан ерді. Қораға апарып, әкелген тамақты ыдысқа құйып бердім. Апам көріп:

– Мына итті сен әкеліп жүрсің бе? – деді.

– Өзі еріп келді. Аш екен, тамақ бердім. Апа, тимейікші! Жүре берсін, – дедім мен өтініш білдіріп.

– Жүрсе, жүре берсін. Не ішіп қиратар дейсің? – деді апам.

Біраз күн өтті. Ит бізге бауыр басып кетті. «Ақтөс» деп ат қойдық. Сол Ақтөс бір-екі күннен бері жоқ.

Іздеп, қораға кірдім. Қораның түкпірінен бір дыбыс шыққандай болды. Жақындап барсам, итім бұрыштағы шөпке күшіктепті. Күшіктеген соң оны апам жақтырмай жүрді.

Апам сауыншы болатын. Бір күні жұмыстан ренжіп оралды. Қас-қабағына қарап, үндемей отырмыз. Бір кезде:

– Бұларға тамақты қайдан тауып беремін? Күшіктерді бір жаққа апарып таста, – деді қатқыл үнмен...

Көкемнің жоқтығы есіме түсті. Үйде бір інім, екі қарындасым бар. Апамның ойын айтпай-ақ түсіндім.

Сәлден соң енесінің жанында бір күшік қалдырып, қалғандарын қапқа салып алып, қорадан шықтым. Ауыл шетіндегі бір ескі үйге келдім. Алдында бір келгенде, оның ішінде ұра барын көрген едім. Күшіктерді қабымен сонда тастадым да, ұзай бердім. Біраз жерге келгенше құлағымнан күшіктердің қыңсылаған аянышты үні кетпей қойды.

Болжа

- Қалай ойлайсың, бала күшіктерді тастап кетуі мүмкін бе?

Дәтім шыдамай, артыма қарай бердім. Ілгері басқан аяғым кері кетті. Не істерімді білмедім. Ақыры күшіктерді қимай, қайта бардым. Қаптағы күшіктерді алып жатып: «Шіркін, көкем болса ғой! Мен сендерді мұнда әкелмеген

болар едім», – дедім іштей аяп. Көзіме келіп қалған жасты тыя алмадым.

Кешікпей кері қайттым. Үйге қарай аяңдап, жылап келемін. Қаптағы күшіктер де қыңсылауын қояр емес...

(Айса Хамзеұлы)



бауыр басу

– жақын тарту, үйрену

қас-қабағына қарау

– көңілін аулау

ұра

– қазылған терең шұңқыр



Кейіпкер – көркем әдебиеттегі оқиғаға қатысушы. Басты кейіпкердің мінез-құлқы, іс-әрекеті басқалардан гөрі анық суреттеледі. Ертегі, мысалда жануарлар да кейіпкер болады.



Ойлан



3. Неліктен бала күшіктерді қайта алып келді?

- Баланың анасы күшіктерді аяп, асырауға рұқсат етеді;
- Жоқ, бала басқа амал ойлап табады.



4. Күшіктерді алып үйіне келген баланың оқиғасын өз ойыңмен жалғастырып, әңгімеле.



5. а) Қара қаріппен берілген сөз тіркесін мағыналас тіркеспен немесе сөзбен өзгертіп жаз.

Келесі күні әлгі итке тағы да тап болдым.

Көзіме келіп қалған жасты тыя алмадым.



ә) Кейіпкерге хат жаз.

Қорытындыла

6. Баланың орнында болсаң, сен не істер едің?



Мәтін мазмұнын әңгімелеуге дайындал.



- кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалауды үйренесің;
- көркем-бейнелі сөздерді қолданасың.



1. Сөздердің мағынасын түсіндір.

мейірімді

көңілді

қамқор

бейқам

жомарт

әрекетсіз

2. Өлеңді түсініп оқы.

Араша

Болса өзі балақан,
Керек жылы алақан.
...Ұясынан құлаған,
Жатыр жерде балапан.

Анасы жүр шырылдап,
Жетті мысық пырылдап.
Күшік оған тап беріп,
Айбат қылды ырылдап.

Мысық та дес бермейді,
Аяқтарын сермейді.
Оңай келген олжадан
Айырылғысы келмейді...

Өз олжасын даулаған,
Жеп қоя ма жау жаман?
Дәл сол сәтте ойнауға,
Сұлтан шықты ауладан.

Көз алдында жай қанық,
Тұрар кез бе ойланып?!



Балапанды қорғансыз,
Ұясына қойды алып.

«Дұрыс», – дейді ол дұрысты,
«Бұрыс», – дейді ол бұрысты.
Алғыс айтып күшікке,
Ал мысыққа ұрысты.

(Қуат Адис)



араша – құтқару, қорғап қалу
дес бермейді – бой бермейді

3. Суреттің көмегімен өлең мазмұнын әңгімеле.
Мұндай оқиғалар туралы естіп, оқып көрдің бе?



Оқиғасы бар шығарманы **сюжетті шығарма** деп атайды.



4. Қай кейіпкердің сипаты екенін жаз.

	Кейіпкер
қорғансыз	
пырылдап	
ырылдап	
айбат қылған	



5. Қорғансыз балапанды тағы қандай сөздермен сипаттауға болады?

дір-дір еткен



...

...

...

Бағала

6. Өлеңдегі ұнаған кейіпкерлердің іс-әрекеті туралы ойыңды айт.



Өлеңнің әр шумағына тақырып ойлап жаз.

Сүйкімді жануарлар



оқиганың дамуын болжайсың;
мәтіндегі негізгі ойды анықтайсың;
мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі қатені тауып, түзетесің.



1. Жануарларды төлімен сәйкестендіріп айт.



2. Мәтінді түсініп оқы.

Құралай

Каникулда қарындасым екеуміз отардағы ағайдың үйіне бардық. Ауыл «Байсар» аталатын бұлақтың басына қонған екен.

Келесі күні өрістен киіктің кішкене құралайын көрдім. Қашан қасына барып, қапсыра құшақтағанымша, екі көзі мөлдіреп жатып алды. Ұстағанда ғана пыс-пыс етіп тосырқағаны болмаса, орнынан тұрып қаша да алмады.

Денесін бөрткен басып кетіпті. Оның тұтасқан кене екенін үйге әкелгенде ғана білдім.

Киіктің құралайын көргенде, қарындасымның қуанышында шек болмады. Екеулеп кенесінен тазарттық, аузына сүт құйдық. Құралайға «Баян» деп ат қойдық. Енді Шырынкүл екеуміздің ермегіміз сол болды.

Біраз күн өткен соң Баян шөп жеуді де үйренді. Баян едәуір өсті. Жүні қылшықтанып, үсті қоңырқай тарта бастады.

Біздің де қайтар кезіміз таяп келеді. Көп ұзамай күз де түседі. Ауыл қысқы жайылымға Мойынқұмға көшеді, сонда Баянды қайтеміз? Қарындасым оны қимайды.

Болжа

Мәтін мазмұнын әрі қарай болжа.

- а) Баянды хайуанаттар бағына өткізеді;
- ә) Баян ағайдың қолында қыстап қалуы мүмкін;
- б) ...

Көшетін күні Шырынкүл екеуміз Баянды құшақтап, ауылдан ұзатып шығарып салдық. Алғаш айналып өзімізге келе берді. Болмаған соң, қол шапалақтап біраз жерге дейін құдым. Арамыз көп жерге ұзағанша, бізге жалтақтап қараумен болды. Біраздан кейін қарындасымның «Баян» деген дауысына қайырылды да, құлағын түріп, жота басында көп тұрды. Біз де кезек-кезек қол бұлғап, келесі жотадан астық.

– Шырынкүл, – деймін қарындасымның көзінде мөлдіреп тұрған жасын сүртіп, – келесі көктемде осы қонысқа, жазғы жайлауға қайта келеміз. Сол кезде Баян да бізді осы жотадан қарсы алады.

(Ізбасқан Әбжанов)



отар – қойдың үйірі, *бұл жерде:* мал бағылатын жайылым
тосырқау – жатсыну, жатырқау

Білгенің жөн



Жайылым кенелері – адам мен жануарлардың терісінде паразиттік тіршілік ететін қансорғыштар.

Анықта



3. Әңгіменің соңында балалардың көңіл күйі неліктен өзгерді?
Балалар киіктің құралайына қандай қамқорлық жасады?
Балалардың киіктің құралайымен қоштасуына не себеп болды?

Бағала

4. Оқиганың осылай аяқталғаны саған ұнай ма?



5. Киіктер туралы мәтінді тыңдап, сұрақ қоюға дайындал.



6. Мәтін жоспарының ретін тауып жаз.

- а) Киіктің құралайы
- ә) Байсар ауылында
- б) Құралайға қамқорлық
- в) Қимастық сезім

7. Сөйлемдердің құрылысындағы қатені тауып, түзетіп оқы.

Ат қойдық құралайға «Баян» деп...

Шөп жеуді Баян үйренді.

Қорытындыла

8. Мұғалімнің көмегімен мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен айт.



Жануарлар туралы өзің білетін қызықты бір оқиганы әңгімелеуге дайындал.



әдеби шығарманың жанры туралы білесің;
сурет бойынша әңгіме құрап жазуды үйренесің.



1. Сөздердің көмегімен сурет бойынша әңгіме құрап жаз.

көрді

өтірік

қаптады

ойлады

ұстады



Құрастырған әңгімеңе бейнелі сөз немесе төмендегі сөз тіркестерін қолдан:

Қу, сілейіп, ұшып-қонып, аңқау, атып тұрып, шап берді.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Тірілген түлкі

Қыс. Қақаған аяз, қалың қар жәндік біткенді жатқан індерінен шығармай тастады. Ашыққан түлкі түн жамылып ауылдың маңын торып, оңай олжа аңдуға кірісті.

Ауыл шетіндегі қоралардан тауықтардың қыт-қыттаған дауысы оның құлағына келеді. Бірақ салпаң құлақ, сабалақ жүнді сары төбет абалап, қора маңына жолатар емес. Сілекейін жалап қойып, ауылдың екінші шетіне қарай жортқан түлкі кенет тоқтай қалып, танауын желге



тосты. Мына қорадан тауық иісі ап-анық келіп тұр. Қора маңында ит те жоқ.

Тауыққораның есігі мен қабырғасы берік екен. Түлкі жалғаса үйілген шөпке өрмелеп, қораның төбесіне шықты. Көп кешікпей оның өткір тырнақтары төбеге жабылған жұқа топырақты қазып, саңылау жасап та үлгерді. Аштық түлкіге сақтық пен қауіпті ойлатар емес. Ол қораның ішіне оп-оңай секіріп түсті.

Тар қораның ішінде бір-біріне қақтығысып топырлаған тауықтар түлкінің тырнағы мен тісіне оңай ілініп жатты. Үш-төрт тауықтың жылы етіне тойып, бойы жылынған түлкі бұл қорада қалудың қауіпті екенін ойлады. Ол шықпақшы болып төбедегі өзі түскен саңылауға қайта-қайта секірсе де, бойы жетпеді. Қораның астын қазып шығайын десе, тастан қаланған қабырға тырнағына болар емес.

Көп кешікпей таң да атып, Айша апа сиыр саууға шықты. Адам иісін сезген түлкі қимылсыз сұлап жата кетті. Айша апа тауықтардың мазасызданғанынан күдіктеніп, қораның есігін ашқан. Алдында жатқан түлкіні көріп, таңғалды. Түлкінің аяқтары серейіп, ағаш тәрізді қақшиып қатып қалыпты. Тіршіліктің ешбір белгісі байқалмайды. «Төрт тауығымды жеген бұл түлкінің терісінен

Болатжанға тымақ тігіп берермін», – деп ойлады Айша апа. Осы оймен ол немересін шақыруға кері бұрыла берген. Түлкі оның аяғының астынан зып беріп, қаша жөнелді. Айша апа оның бұлаң еткен құйрығын ғана көріп қалды...

(Жұмажан Садықов)



ауылдың маңын тору – ауыл маңын үнемі аңдып жүру
саңылау – қораның төбесіндегі тесік
тымақ – тері баскиім

3. Мәтіннің жанрын анықта.

өлең

ертегі

әңгіме



Көркем шығарманың жанрлық сипаты (түрлері)

проза
(әңгіме, ертегі, т.т.)

поэзия
(өлең, поэма)

драма
(пьеса, скетч)



4. Зерттеп оқы. Кесте бойынша жауап бер.

Тұжырымдар	Иә	Жоқ
Таңертең қорада бірде-бір тауық қалған жоқ.		
Айша апа «түлкі қалай өліп қалған?» деп ойлады.		
Қораның қабырғасы тастан қаланған екен.		
Түлкі ыстықтағаннан танауын желге тосты.		

Бағала

5. Мәтіннің осылай аяқталғаны саған ұнай ма?

Қорытындыла

6. Әңгіме мазмұны өмірдегі шынайы оқиға екеніне сенесің бе?



Мәтіннің жалғасын хрестоматиядан оқып, мазмұнын әңгіме-леуге дайындал.



- автордың негізгі ойын өлеңнен деректер келтіріп дәлелдейсің;
- көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтайсың.



1. Суретке қарап, жанды табиғаттың бейнесін сипаттап айт.



Қадыр Мырза Әли – ақын. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жымпиты ауылында дүниеге келген.

Ақынның балаларға арналған «Жаң-ғалақтар», «Кішкене қожанасырлар», «Данышпан», «Алуан палуан», «Сабақ» және т.б шығармалары бар.



(1935–2011)

2. Өлең тақырыбын оқып, не туралы екенін болжа.

3. Өлеңді түсініп оқы.

Көлдің көркі – құс

(Ықшамдап алынды)

Шалқар көлдің жағасында,
Қоға, құрақ арасында
Аққу мен қаз,
Бірқазанның – бәрі осында!

Мен мұндайды сирек көрдім,
Суға түскен иректерді...
Шошаңдайды құйрықтары
Жем іздеген үйректердің.

Кімнің күні кімге түспек?!
Мәз болдым мен бүгін түсте:
Қаздар қалай сыланады,
Қауырсынның түбін тістеп!

Тұзақ емен, қақпан емен,
Оқиды кеп тақпақ, өлең.
Аққу! Аққу! Бұл неғылған
Кіршігі жоқ аппақ әлем!

Қызыл бояу тамшыларда
Қорғасын оқ шаншылар ма?!
Құс атуға келген мұнда
Қол бермеймін аңшыларға!

(Қадыр Мырза Әли)



4. Өлеңде айтылған құстар туралы не білесің?

- Құстар тіршілігі үшін көлдің маңызы қандай?
- Ақын аңшыға неге қол беріп амандасқысы келмейді?




5. Оқып, түсінгеніңді жұпта талқылап, өз ойыңды білдір:

- Сен үшін не жаңалық болды?
- Санаңда қандай сұрақ пайда болды?

Сипатта



6. Аққу қандай? Аңшы қандай? Сипаттап жаз.



Эпитет – адамның, заттардың, басқа да құбылыстардың ерекше қасиеттерін сипаттайтын сөз. Эпитет сөз «қандай?» деген сұраққа жауап береді. Мысалы, *әдемі аққу, сүйкімді балапан, таңғажайып тіршілік, барқылдақ үйрек.*



7. Өлеңді қайталап оқып, жатқа жаз. Эпитет сөздердің астын сыз.

Біздің көл

Біз шомылар көл бұл,
Айдыны – дәл айна.
Суы шықтай мөлдір,
Құмы жылы, майда...

Ертай Ашықбаев

Қорытындыла



8. Өлеңдегі негізгі ойды білдіретін шумақты тауып, оқы.




«Құстар әлемі» атты альбомға үлесіңді қосып, бір құстың тіршілігі туралы таныстырылым дайында.

Жануарлар туралы әңгімелер

- мәтінге жоспар құрып үйренесің;
- сөйлеу барысында көркем-бейнелі сөздерді қолданасың.

Білімді қолдан

1. Суретте берілген жануарлар Қазақстанда тіршілік ете ме? Бұл жануарлар туралы не білесің?



- Құралай туралы оқығаныңды есіңе түсір.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Киіктің айласы

Әрбір жабайы аңның өз жауларынан сақтанатын қару-құралы немесе тәсіл-айласы болады. Қасқырдың қаруы – тіс, қабанның қаруы – азу. Киік, ақбөкен сияқты аңдарда ондай қару жоқ, олардың сүйенері – аяқтары. Қасқыр қуса, олар қашып құтылады.

Күз айының жаймашуақ бір күні еді. Сәске кезінде бір топ киік өзінің ересек лақтарын ертіп суатқа келді де, жапа-тармағай су іше бастады. Тал тасасында бір топ аш қасқыр оларды аңдып, күтіп отырған. Жыртқыштар ауыздарын арандай ашып, киіктерге тап берісті. Дүр етіп үріккен киіктер қызыл бұйратқа беттеп, жосып жөнелді. Бір ақсақ теке олардан дараланып, судың шығыс жағына



қарай қашты. Көп киіктің тез алыстап кеткенін көрген оншақты қасқыр «бұйырғаны осы болды» дегендей, тұс-тұсынан текеге лап қойды. Теке шоқандай жортып, қасқырлардан қарасын онша үзер де емес, таяқ сілтем жерде ғана кетіп барады. «Әне, жетем, міне, жетем» деп қуған аш қасқырлар ақыры бір кезде шаршап, талықси бастады. Қасқырлар тоқыраса, теке оларға жалт қарап, тұра қалады. Аш бөрілер салпақтап тағы қуады. Осы шоқырақпен өзеннен жиырма шақырымдай ұзап шықты. Ал әлгі ақсақ теке орғып бір-екі секірді де, белден асып, ғайып болды. Үздік-создық ырсылдап, діңкесі құрыған қасқырлар тілдері салақтап, әр жерде шоқиып отырып қалды.

Әлгі теке, шынында, ақсақ емес еді. Өзінің үйірін, буыны қатаймаған лақтарын жыртқыштардан аман сақтап қалу үшін өтірік ақсап, айла етті. Сөйтіп, ол қасқырларды басқа жаққа адастырып әкетті.

Киіктің бір текесі оншақты қасқырды осылайша тақырға отырғызып кетті. Өйткені ол өзінің жүйріктігіне сенді. Дала аңында ақбөкен мен киіктен жүйрік аң жоқ. Өздері мейлінше сұлу болады. Қой секілді шөп жеп қоректенеді. Ешбір залалы жоқ. Киіктің жаңа туған лағын қазақ «құралай» деп атайды, оны аяп, атпайды.

(Саид Баязитов)



діңкесі құру – әбден шаршау
залалы жоқ – зияны жоқ
тақырға отырғызу – алдап кету
жапа-тармағай – жан-жақтан, бәрі бірдей

3. Оқиға қалай басталды?

Үйірінен бөлінген текеге қасқырлар неге тап берді?

Ақсақ текенің әрекетін қалай түсіндің?

Өзің үшін қандай пайдалы ақпарат алдың?

Пікіріңді бөліс

4. Ойыңмен бөлісіп, зерттеп оқы. Сұраққа жауапты мәтіннен ізде.



Мәтін оқиғасындағы топ қасқырдың ақсақ киікке жете алмауы сендіре ме?



5. Сөз тіркестерін мағынасына қарай кестеге орналастырып жаз.

Таяқ сілтем жер, қырық күншілік жер, қол созым жер, аттам жер, айшылық жер, «ит өлген» жер.

«Өте жақын» деген мағынада айтылатын қашықтық өлшемдері

«Өте алыс» деген мағынада айтылатын қашықтық өлшемдері



6. «Жыртқыштар ауыздарын арандай ашып, киіктерге тап берісті» сөйлемінен эпитет, теңеу сөздерді тап.



7. Мәтін мазмұнына жоспар құр.

Қорытындыла

«Бірлік түбі – тірлік» деген мақалмен мәтін мазмұнын қорытындыла.



Мәтінге құрылған жоспар бойынша мазмұнын әңгімелеуге дайындал.



- ертегі түрлерінің жанрлық ерекшелігін ажыратасың;
- көркем-бейнелі сөздерді қолданып үйренесің.



1. Суреттерге қарап, ертегі түрлерін есіңе түсір.



2. Түсініп оқы.

Ақылды күшік

(Ертегі)

Бір күшік жолдан үлкен, тәтті қауын тауып алыпты. Ол қауынды, енді жей бергенде, аяқ астынан түлкі жетіп келіпті. Қауынды көргенде ашқарақ түлкінің сілекейі шұбырыпты.

Ол: «Қауынды қайдан алдың?» – деп, күшікті сұраққа ала бастапты. Күшік жолдың бойын нұсқайды. Түлкі көзін айналдырып: «Кеше мен осы арада бір қауынымды жоғалтып алып едім, мынау сол болу керек», – дейді шімірікпей. Дәл осы кезде қастарына балпаңдай басып аю келеді. «Босқа ренжіспеңдер, қауынды мұнда мен қойып кеткем», – дейді ол бір бөлені бастап.

Сәл ойланған күшік:



– Біз бекерге таласпайық. Күн де ұясына батып барады екен. Қауынды бір жерге тығып қояйық та, ертең таңертең келейік. Кім ерте келіп тауып алса, қауын соңікі болсын. Келісесіңдер ме? – дейді.

Түлкі мен аю келіседі. Сонымен олар қауынды бір жерге жасырады да, бұрылып кете барады. Ары таман барған соң түлкі басын көтеріп, аспанға қарайды. Ол төбедегі бұлтты көріп, «қауын бұлттың астында екен ғой» деп ойлап, соны есіне сақтап қалады.

Аю бір үзік Күн нұрының дәл қауын жасырылған маңға түсіп тұрғанын байқап, соны белгі етеді.

Ал күшік жан-жағына барлай қарап, қауынның өзен жағасындағы ағаштың түбіне жасырылғанын көңіліне бүгіп қояды.

Ертесіне олар келіп, қауынды іздеуге кіріседі. Түлкі мен аю қанша іздесе де, ештеңе таба алмайды. Тек күшік қана қауынды жасырылған жерінен дәл тауып, аман-есен жолына түседі.

(Құлшат Әбілмәжінқызы)



аяқ астынан – күтпеген жерден
шімірікпей – ұялмай, қысылмай


Әңгімеле

3. Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген?



4. Түлкі мен аю жасырылған қауынды неліктен таба алмады?

5. Ертегінің түрін анықта.



6. «Ақылды күшік» ертегісі бойынша өз ойыңды тұжырымдап, кестені толтыр.

Тұжырымдар	Иә	Жоқ
Түлкі қауынды жолдан тауып алды.		
Түлкі мен аю жасырылған қауынды таба алмады.		
Жасырылған қауынды күшік ісінен сезіп, тауып алды.		



7. Күшік «қауынды жасырып қояйық» деген ойды айтпаса, оны қайсысы алып кетер еді? Онда оқиға қалай аяқталар еді?

Қорытындыла

«Түйедей бой бергенше,
Түймедей ой берші»

деген мақал-мәтелді пайдаланып, мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды түсіндір.



Ертегі мазмұнын әңгімелеуге дайындал.



• бөлім бойынша алған біліміңді қайталап, бекітесің.

1. Жасырған қауынды қай кейіпкер іздеді?

... күннің нұрынан іздеді;
... бұлттың астынан іздеді;
... ағаштың түбінен іздеді.



2. Ақын-жазушылардың аты-жөндерін толықтырып жаз.

... Табылды, Ермек ... , Мәдіхат

3. «Алғыс» мәтініндегі жазушының негізгі ойын есіңе түсір.

4. Абай Құнанбайұлының сөзін қалай түсінесің?

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

5. Сұрақтың орнына тиісті кейіпкердің атауын қойып оқы. Мәтін тақырыбын есіңе түсір.

Тар қораның ішінде бір-біріне қақтығысып топырлаған (нелер?) түлкінің тырнағы мен тісіне оңай ілініп жатты. Үш-төрт (ненің?) жылы етіне тойып, бойы жылынған (не?) бұл қорада қалудың қауіпті екенін ойлады. Ол шықпақшы боп төбедегі өзі түскен саңылауға қайта-қайта секірсе де, бойы жетпеді.

6. «Дақылдар әні» өлеңінің кейіпкерлерін ата.



7. Кестедегі тұжырымды «Құралай» мәтіні бойынша талда.

Дұрыс/бұрыс тұжырымдар	Иә	Жоқ
Құралай – киіктің лағы.		
Шырынкүл мен ағасы құралайды зообақтан көрді.		
Балалар оған «Баян» деп ат қойды.		
Көшетін күні балалар Баянды құшақтап, ауылдан ұзатып шығарып салды.		



8. Ертегі түрлерін ата. Сызба арқылы бейнелеп жаз.

9. Буындардан жануарлар атауын тап. Бұл жануарлар туралы оқыған мәтіндерді есіңе түсір.



Оқыған кейіпкерді эпитет сөзбен сипатта (қандай?).

Қорытындыла

Тақырыптардың бірін таңдап, әңгімеле.

а) «Табиғаттың сыйы»

ә) «Жанды табиғатпен біргеміз»

МАЗМҰНЫ

Қымбатты оқушым!.....	3
-----------------------	---

I. Жанды табиғат

1. Табиғат және мен	5
2. Табиғаттың сыйы	8
3. Дәнді дақылдар	11
4. Төрт түлігі елімнің	14
5. Ит – адамның досы	17
6. Қамқорлық.....	20
7. Сүйкімді жануарлар	22
8. Әңгіме айтып берейін	25
9. Құстар әлемі	28
10. Жануарлар туралы әңгімелер	31
11. Ертегілер елінде	34
12. Өзіңді тексер	37

II. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

13. Білімді бол.....	40
14. Аңыз әңгіме оқимыз.....	42
15. Еңбек адамын құрметтей біл.....	45
16. Ынтымақшыл бол.....	48
17. Уәдеге берік бол.....	51
18. «Жақсы» деген немене, «Жаман» деген немене?	55
19. Достарыңды ренжітпе	58
20. Жақсы – ісімен жақсы.....	61
21. Жирен жаман әдеттен	65
22. Ата-ана ақылы	69
23. Кім болам?	72
24. Өзіңді тексер	74

III. Уақыт

25. Жыл мезгілдері	76
26. Қыс сипаты	79
27. Жазғы, қысқы уақыт	82
28. Уақытыңды бағалай біл	85
29. Бабаларға тағзым	88
30. Әр күніңді жоспарла	91
31. Ағаштардың таңғажайып тіршілігі	94
32. Күздің соңғы амалы	97
33. Ас атасы – нан	100
34. Ғажайып жаңалықтар заманы	103
35. Қуанышты, қызықты жаз	106
36. Өзіңді тексер	109

IV. Сәулет өнері

37. Бабалардың өнері	112
38. Көне қалаға саяхат	115
39. Әркімнің құтты мекені	118
40. Археолог ғалымдар	121
41. Ғажайып көпірлер – сәулет өнері	124
42. Ата-бабамыздың баспанасы	127
43. Заманауи ғимараттар	130
44. Менің қиялымдағы үй	133
45. Құстың ұясы	136
46. Өз үйің – алтын бесік	140
47. Құрылысшылар	143
48. Өзіңді тексер	146

Түсіндірме сөздік	148
-------------------------	-----